

Бекітемін:  
Мектеп меншерушісі Шалабаева Ж.С.



### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі :Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: кіші

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04 - 12.04.2024ж.

Апта қүндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жума
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру</b>	Әңгімелесу: "Баланы қазак әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұраптарына, қажеттеріне құлак асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жана қылыштары нені білдіреді?".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қару және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөргө тізімдеп қоюға, ұсак бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мактау.	"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Балаларға табигат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукуйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалauын қадағалау; өз орамалын тауып, сұртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мактау.	"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бакылауға ынталандыру; қамқорлықка тәрбиелеу.	"Енбекке баулу" Максат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алғып, өзге баламен белісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мактау; ойнамау себебін

				айтуға үрету ("ойнап болдым").
<p><b>"Тұған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тұған жер туралы тақпақты тыңдал, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үрету; тұған жер туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог тақпақты оку алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғаты жайлы көріністерге аударады. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.</p> <p><b>Көркем сөз. "Тұған жер".</b> Тұған жер, алтын бесігім, Тербеттің мені төсінде. Жүреді сенің есімің Ержеткен кезде есімде.</p> <p>Жүреді мәңгі есімде Көкорай далан, тауларың, Албыртқан аспан төсінде Жұлдызды тұнық таңдарың.</p> <p><b>Жарасқан Әбдірашев.</b> <b>(сойлеуді дамыту мен</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b> "Тамшылар". Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпак сөздерін айта отырып, саусақтармен ойдағыдай қимылдарды жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>- Көк аспанға құн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау)</p> <p>Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)</p> <p>Ағызып мың бұлақты.</p> <p>Тамшыланып агады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау)</p> <p>"Там-там-там" – деп соғады,</p>	<p><b>"Кең дала"</b> тақпағын мәнерлеп оқу, құмылды жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуға ынталандыру.</p> <p>Педагог тақпақты оку алдында, балалардың назарын гүлденген табиғат өлкесіне аударады.</p> <p><b>"Кең дала".</b> Алақай-ая, алақай, Дала қандай кең еді! Бәрі өзімдей балақай, Қырдың гүлін тереді. Н. Әлімқұлов <b>(сойлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>"Лағым" тақпағын мәнерлеп оқу, құмылды жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуға ынталандыру.</p> <p><b>"Лағым".</b> Секір, секір, лағым, Тартқанша құмарың! Желпілдесін жел күнгі, Жапыракша құлағың.</p> <p>Сырт-сырт етіп тұяғың, Би билеші, лағым! Ырғып етіп жырадан, Басына шық қияның.</p> <p>Ақ лағым, ақ лақ, Мазалама маңырап. Бөпеме де сүт керек, Кете көрме жамырап! С. Желдірбаева <b>(сойлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Ойын-имитация (құмыл жаттығуы)</b> <b>"Түйелер".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ыргақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен құмылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Кұралдар:</b> лақтың ойыншығын немесе суретін пайдалану.</p> <p><b>"Түйелер".</b> Өркештерін май басқан, Аяқтарын паң басқан. Аңы қуып, жайылып, Бетегелі белді асқан. Әнес Нарымбетов <b>(сойлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>

	<b>көркем әдебиет)</b>	Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова <b>(сойлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b>			
<b>Танертеңгі жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстай; 1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою; 1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстай; 2–1 еденге енкейіп, орамал ұстаган қолды еденге тигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстай; 3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бұкпеуге тырысып, орамал ұстаган қолға жақындау; екінші аяққа да осы жаттығу қайталаңады.</p> <p>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру. Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою. <b>(дene шынықтыру)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көніл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендеду дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Сәлем саған, туған жер! Сәлем саған, туған ел! Сәлем тобым! Сәлем, досым! Сәлем, көркем! Сәлем, көктем!</p> <p><b>(сойлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағылар)</b></p>				
<b>Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттер. Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтүге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ	<b>Музыка</b> "Жер-Ана, кең дала!" Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтік соңынан	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек түбі - береке". Мақсат-міндеттер. Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек етсең емерсің". Мақсат-міндеттер. Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шеңбер бойымен	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Құлыншаққа шарбак". Мақсат-міндеттер. Балаларды суретке арналған қағаз бетін

<p>үйлесімділігін сактау икемділігіне машиқтандыру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын менгерту. Балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өту қабілетін дамыту; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-теңдікте ұстай білу дағдыларын менгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сактай білуге үйрету.</p>	<p>қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуда талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машиқтау.</p>	<p>адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру іскерліктерін дамыту; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын жетілдіру; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, епті болуга тәрбиелеу.</p>	<p>салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; ұйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау.</p>	<p>бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның алдында көлденен созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сызықтарға, "шарбактарға", бормен салып толтыруға үйрету; сызықтарды сол жақ шеттен онға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сызықтарды бірынғай қимылмен сол жақтан онға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбак таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру.</p>
--	--	--	--	---

<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Бұлттарды бақылау.</b> <b>(қоршаған ортамен танысу, сойлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсаты. Балаларды көк аспанды ақ бұлттарды бақылауға машиқтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге үқсайтындарына көніл аудару.</p> <p>"Аспанда".</p> <p>Бір бұлт шықты бие болып,</p> <p>Бір бұлт шықты түйе болып,</p> <p>Бір бұлт шықты шошқа болып,</p> <p>Бір бұлт шықты қошқар болып.</p> <p>Қ. Мырзалиев.</p> <p><b>"Бұлттар ұқсан үшайық" қимыл ойыны.</b></p> <p>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.</p> <p>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.</p> <p>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге,</p>	<p><b>Желді бақылау.</b> <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, сүйк, көктемгі).</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы тазарту).</p> <p><b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b></p> <p><b>"Маралдарды аулау".</b> (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауга, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын</p>	<p><b>Аспанды бақылау.</b> <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (кумды жолға себу).</p> <p><b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Тез ал, тез қой", "Жұбынды қуып жет". (dene шынықтыру)</p> <p><b>Мақсат-міндеттер:</b> балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенделілікті дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b></p>	<p><b>Құстарды бақылау.</b> <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түрінен атап, ажыратада білуге үйрету, олардың әдептерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ересектермен бірге ауланы сыйыру).</p> <p><b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Біз көнілді балалармыз", "Аю мен аралар". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенделілікті дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b></p>	<p><b>Ауа температурасын бақылау.</b> <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сойлеуді дамыту)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ересектермен бірге ауланы сыйыру).</p> <p><b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Біз көнілді балалармыз", "Аю мен аралар". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенделілікті дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b></p>

<p>бұлттарға ұқсан, "ұшасындар".</p> <p><b>Еңбекке баулу</b></p> <p><b>тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Ұшақтар" қимылды ойны.</b></p> <p>Мақсаты. Балалардың ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай, алаң. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп ұшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.</li> <li>- Мен "Ұшақтар, ұшындар!" десем - сендер</li> </ul>	<p>дамытуға үрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b></p> <p><b>әрекеттері,</b></p> <p>қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p><b>әрекеттері,</b></p> <p><b>қозғалыстарды</b></p> <p>дамыту: "Тар жолда". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p><b>Өзіндік еркін ойын</b></p> <p><b>әрекеттері,</b></p> <p><b>қозғалыстарды</b></p> <p>дамыту: "Сарбаздар" жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру).</p>	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>күш сала отырып, ептілікті дамыту.</p>
---	---	---	---	--

	<p>ұшактарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіндер. - "Ұшактар, аланға!" десем - менің жаныма жиналасындар, жерге шоқайып отырасындар. Келістік пе? Бастайық. - Қане, ұшактар, ұшындар! Колдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"! Біраздан кейін педагог балаларды аланға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалайды. Ойын екі рет жургізіледі. Педагог балалардың бір- біріне соғылмауын қадағалау керек. <b>"Масаны ұстап ал!"</b> <b>қимылды ойыны.</b> Мақсаты: балаларда қозгалысты көзben көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын калыптастыру.</p>			
Серуенниен оралу	<p><b>Серуенниен кейін беті-қолды сүмен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b> Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсан сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>			

<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарau және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Құлыншак".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншак" өлеңін педагогтің сонынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұндағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозгалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайтауға машықтау.</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу "Құс ұясы".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "корап", "үйшік" жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды менгерту; педагогтің әдістеріне және үлгіге сай құрылыш нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыш материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Жылқы мен құлын".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларга үй жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жалпы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету.</p>	<p><b>Музыкадан ойын-жаттығу "Жер-Ана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музыкалық фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.</p>	<p><b>Ритмикалық жаттығулар.</b> Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңсeltу) Гүлдерде, (гүлді көрсету: екі жұдырықты біріктіру, саусақтарды жоғары созу, алақанды ашып-жабу) Жасыл бұталарда, (отыру, алақанды ашу) Қарлығаштар да («қанаттарын» сермен) Кояндар да (секірді) Қыздар мен ұлдар да - (бір орында жүру) Барлығымыз тұрамыз осында (қолды алға созу, алақанды көтеру) Үлкен ғаламшарда (ұлкен шарды көрсетеді) <b>(сойлеуді дамыту, дene шынықтыру)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Ойын-имитация. "Құлыншак".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, құлыншактардың қимылдарына еліктеі білуге ынталандыру; үй</p>	<p><b>Н. Жанаев «Табиғат анамыз» тақпағын мәнерлеп оқу.</b> Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. Жазда аралап тауында,</p>	<p><b>"Бақ-бақ суретін жинайық" дамытуши жаттығуы.</b> Балалар үшін бірнеше ұшыққа бөлініп, бірыңғай түспен жабылған</p>	<p><b>"Далада қызгалдақтар өсті" шығармашылық рефлексиясы.</b> Табақшага салынған үшбүрүш, дөңгелектер мен санау таяқшаларын</p>	<p><b>"Андар не істей алады?" атты мультфильмін көрү.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың андар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу</p>

	<p>жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу.</p> <p><b>"Құлынишақ".</b></p> <p>Құлын, құлын, құлыншақ, Желкілдейді тұлымшақ.</p> <p>Маңдайында жұлдызы, Құйрығында құндызы.</p> <p>М. Жаманбалинов.</p> <p><b>(сойлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>Барамыз біз бауында. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында.</p> <p><b>(сойлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>панно көрсетіледі. Педагог ұяшықтарды кезекпен ашып тұрады, балалар бақбақтың қай бөлігі ашылғанын атайды (басы, сабағы, жапырағы). Балалар атап бере алмай жатса, бақбақтың толық ашылған суретін ұсынып, балаларға айтқызу керек.</p> <p>Сурет ашылғаннан кейін балаларға бақбақтың бөліктерін қайталату керек..</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, бақбақ ағаш па? Бақбақ – гүл. Қайталайық. Жарайсындар.</li> <li>- Балалар, гүлдерді жүлуге болмайды. Гүлдерді күту керек.</li> <li>- Бақбақ қандай тамаша! Алақай!</li> </ul> <p><b>(сойлеуді дамыту, қоршаган ортамен танысу)</b></p>	<p>үлестіріледі. Балалар үстелде геометриялық пішіндерден далада өскен гүлдерді құрастырады.</p>	<p>қимылдарын жасауға ынталандыру.</p> <p><b>(сойлеуді дамыту, музика)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қару және</b></p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қару, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сойлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қару, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру.</p> <p>Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрактарға жауап беруді дамыту.</p>				

тагы басқа әрекеттер)	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (<b>музыка</b>) Мақсат-міндеттер. Қымылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмакпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің сонын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмак) таныстыру.</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (<b>шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұсташа, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйікталған дөңгелек сыйықтарды қағаз бетінде женіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, колды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауга (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-карсы түстер) үйрету.</p> <p>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. (<b>сенсорика</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сарапдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біrine көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылыштары нені білдіреді?".

